

APD66C

POWER
YOUR
FUTURE

66 kVA / 52.8 kW

ДИЗЕЛДІК ГЕНЕРАТОР ҚОНДЫРҒЫСЫ 400/230 V - 50 Hz

Модель			APD66C
ҚУАТЫ Pf. 0.8	Резервтік (Standby)	кВА	66
		кВт	52.8
	Негізгі (Prime)	кВА	60
		кВт	48

Резервтік режим қуаты (Standby): Апаттық жағдайда айнымалы жүктемемен үздіксіз жұмыс істеуге арналған. Бұл режимде артық жүктемеге жол берілмейді. ISO 3046 стандартына сәйкес келеді.

Негізгі режим қуаты (Prime): Айнымалы жүктемемен шексіз уақыт жұмыс істеуге арналған, ISO 3046 сәйкес 12 сағаттық жұмыс кезеңінде 1 сағат 10% шамадан тыс жүктемеге қолданылады. ISO 8528 және ISO 3046 стандарттарына сәйкес.

- ✓ Жоғары сапалы, сенімді және толық жабдықталған қуат блогы
- ✓ Ықшам дизайн
- ✓ Іске қосу және техникалық қызмет көрсету қарапайымдылығы
- ✓ Өрбір генератор қондырғысы толық жүктеме кезінде сынақтан өткізу, басқару және апаттық ажыратудың барлық мүмкіндіктерін тексеру және олардың жұмысын қамтамасыз ететін кешенді сынақ бағдарламасынан өтеді
- ✓ Қосымша жабдықтар мен аксессуарлардың кең ауқымымен құрастырылған: қаптама (сапору), дыбыс оқшаулағыш қаптама және тіркеме



Өндіруші алдын ала ескертусіз модельге, техникалық сипаттамаларға, түске, жабдықтарға және аксессуарларға өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады.

ҚОЗҒАЛТҚЫШ

CUMMINS

Модель		4BTA3.9-G2
Қозғалтқыш қуаты Номиналды айналымдағы қуат	кВтм	55
	Ат күші	74
Ауа беру және салқындату		Турбоқысымды, кейінгі ауа салқындатқышымен (Aftercooled)
Цилиндр көлемі	Литр	3.9
Цилиндр саны және құрылымы		Қатарлы 4-цилиндрлі
Жылдамдығы	айн/мин	1500
Піспек диаметрі және Піспек жүрісі	мм x мм	102x120
Сығу дәрежесі		17.3:1
Қозғалтқыш реттегіші		Электронды
Толық жүктемедегі отын шығыны	Л/сағ	12.9
Жанармай шанының сыйымдылығы	Литр	180
Май шанының сыйымдылығы	Литр	10.9
Салқындату жүйесінің сыйымдылығы	Литр	22.3
Радиаторды салқындатуға арналған ауа шығыны	м³/мин	126
Ауа тартқыш	м³/мин	3.12
Шығарынды газдар ағыны	м³/мин	8.04

✓ Ауыр жұмыс жағдайларына арналған Cummins дизельді қозғалтқыш
 ✓ Төрт тактілі, сумен салқындатылатын, турбоқысымды кейінгі ауа салқындатқышымен
 ✓ Тікелей отын бүрку жүйесі
 ✓ Электрондық айналым реттегіш жүйесі
 ✓ 12/24 В тұрақты ток стартері және зарядтау генераторы
 ✓ Ауыстырылатын отын сүзгісі, май сүзгісі және құрғақ элементті ауа сүзгісі

✓ Желдеткіші бар, салқындату радиаторы
 ✓ Іске қосқыш аккумуляторы (қорғасын-қышқылды батареямен), тірегі мен кәбілімен бірге
 ✓ Иілгіш отын құбыршектері және май жинағыштың қолмен ағыз қысымтығыны
 ✓ Өнеркәсіптік өндірістегі шығару бәсеңдеткіші және болат компенсатор
 ✓ Қаптамасы бар су жылытқыш (автоматты модельдер үшін)
 ✓ Пайдалану нұсқаулығы және негізгі электрлік сұлбалар

АЛЬТЕРНАТОР

Құрылымы	Щеткасыз, бір ішпекті, айналмалы өрісті
Статор	2/3 қадам
Ротор	бір ішпекті, иілгіш диск
Оқшаулау жүйесі	Н класы
Стандартты температура көтерілуі	125 - 163°C үздіксіз
Генератор қоздырғышының түрі	Өздігінен қозатын
Фаза айналымы	A (U), B (V), C (W)
Альтернаторды салқындату	Тікелей жетекті центрифугалық желдеткіш
Айнымалы тоқ сигналының толық гармоникалық бұрмалануы	Бұрмаланусыз теңгерілген сызықтық жүктеме < 5%
Телефондық әсер факторы (TIF)	NEMA MG1-32 стандарты бойынша <50
Телефондық гармоникалық коэффициент (THF)	<2%

✓ Щеткасыз, бірлік қозғалтқыш, иілгіш диск, 4 полюсті
 ✓ Н класы оқшаулау
 ✓ IP21 стандартты қорғаныс дәрежесі (IP22/IP23 қолжетімді)
 ✓ Өздігінен қозатын және өздігінен реттелетін

✓ Тропикалық эпоксидті лакпен сіңдірілген
 ✓ Қатты күйдегі автоматты кернеу реттегіші
 ✓ Гармоникаларды жақсарту үшін статор орамасы 2/3 қадаммен орындалған

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Басқару, бақылау және қорғаныс панелі генератор қондырғысының жақтауына орнатылған.

Басқару панелі келесі мүмкіндіктермен жабдықталған:

1. Желіні автоматты түрде ажырататын басқару панелі (AMF)

Панель жабдықтары

- ✓ AMF модулі арқылы басқару
- ✓ Аккумуляторға арналған статикалық қуаттау құрылғысы
- ✓ Апаттық тоқтату түймесі



DSE 6120

а) DSE6120 генераторды басқару модулінің ерекшеліктері:

- ✓ Негізгі қорек көзін бақылауға және резервтік генератор қондырғысын автоматты іске қосу/тоқтатуға арналған
- ✓ Микропроцессорларды қолдану арқылы жасалған құрылым
- ✓ Қуат түйістірігіштері мен генераторды автоматты басқару
- ✓ Қозғалтқыштың жұмысын және айнымалы тоқтың шығыс қуатын жарықдиодты дабыл индикациясымен бақылау
- ✓ Алдыңғы панельде таймерлер мен апаттық дабылдың іске қосылу шектерін баптау
- ✓ 4 бапталатын аналогтық/сандық кіріс, 8 бапталатын сандық кіріс
- ✓ 6 бапталатын тұрақты ток шығысы
- ✓ Батырмалар арқылы оңай басқару: STOP/RESET – MANUAL – AUTO – TEST – START

б) LCD дисплей арқылы өлшеу:

- ✓ Генератор кернеуі (L-L / -N)
- ✓ Генератор кВА
- ✓ Қозғалтқыш майының қысымы
- ✓ Генератор кВт
- ✓ Генератор тоқ күші (L1, L2, L3)
- ✓ Генератор Cos(φ)
- ✓ Қозғалтқыш температурасы (°C & °F)
- ✓ Генератор жиілігі (Hz)
- ✓ Зауыттық батарея кернеуі
- ✓ Қозғалтқыштың жұмыс сағаты
- ✓ Желі кернеуі (Ph - Ph/Ph - N)

с) Дабылдар:

- ✓ Айналу жылдамдығының жоғары/төмен болуы
- ✓ Аккумулятордың төмен және жоғары кернеуі
- ✓ Іске қосу және тоқтату ақауы
- ✓ Қуаттау жүйесінің ақауы
- ✓ Асқын жүктеме тоғы
- ✓ Генератор кернеуінің төмен/жоғары болуы
- ✓ Май қысымының төмендігі
- ✓ Апаттық тоқтату
- ✓ Қозғалтқыштың жоғары температурасы

д) LED индикаторлары:

- ✓ Желі қолжетімді
- ✓ Генератор қолжетімді
- ✓ Желі жүктемеде
- ✓ Генератор жүктемеде

2. Генератор қондырғысының негізгі жақтауына орнатылған ұстатқыш қуат қалыбы

ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР

Дизель қозғалтқышы

- ✓ Май қыздырғыш

Альтернатор

- ✓ 3/4 полюсті ажыратқыш
- ✓ Конденсацияға қарсы қыздырғыш


Панель

- ✓ Заряд тогының амперметрі
- ✓ 3 полюсті ауыстырып-қосу құрылғысы
- ✓ 4 полюсті ауыстырып-қосу құрылғысы
- ✓ Жерге тұйықталудан қорғаныс, бір жиынтық

Аксессуарлар

- ✓ Көлемді жанармай шаны
- ✓ Автоматты жанармай толтыру жүйесі
- ✓ Отын мен суды бөлетін сүзгі
- ✓ Төмен жанармай деңгейі дабылы
- ✓ Тұрғын аймақтарға арналған дыбыс бәсеңдеткіш
- ✓ Қалқа немесе дыбыс оқшаулағыш қаптама
- ✓ Тіркеме
- ✓ Қолмен май төгу сорабы
- ✓ Техникалық қызмет көрсетуге арналған құралдар жинағы

ЖҮРІСТІК БӨЛІГІ



- ✓ Барлық генератор қондырғысы берік болаттан жасалған негіз жақтауға орнатылады
- ✓ Дірілге қарсы төсемдер қозғалтқыш/альтернатор тірегі мен негіз жақтау арасына бекітілген
- ✓ Негізгі жақтау құрылымына көтеруші жанармай шаны кіреді (1000 кВА дейін)
- ✓ Генератор қондырғысын негіз жақтау арқылы көтеруге немесе тартуға болады
- ✓ Жанармай деңгейінің деңгелек шкаласы бар индикаторы және жанармай шанындағы ағызғыш тығыны
- ✓ Негізгі жақтаудағы жүк тиегішке арналған ойықтар (500 кВА дейін)

ӨЛШЕМДЕРІ


Ашық түрі (OPEN TYPE)

Өлшемдері (Ұ x Е x Б)	ММ	2015x950x1411
Құрғақ салмағы	кг	1030

Дыбыс оқшауланған түрі (SOUND ATTENUATED TYPE)

Өлшемдері (Ұ x Е x Б)	ММ	2275x1008x1537
Құрғақ салмағы	кг	1310

ҚАЛҚА (CANOPY)



- ✓ Қаптаманың барлық бөліктері модульдік принцип бойынша жасалған
- ✓ Дәнекерлеусіз құрастырылатын құрылым
- ✓ Өр жағында есіктер бар
- ✓ Қалқаның барлық металл бөліктері электростатикалық өрісте бүрку әдісімен полиэфирлі ұнтақты бояумен боялған

- ✓ Бәсеңдеткіш сырты орта - әсерінен оранан
- ✓ Қозғалтқыштың өңделген газдарын шығаратын жылуоқшауланған жүйе
- ✓ Апаттық тоқтату түймесі қалқаның сыртында орнатылған
- ✓ Көтеру және орын ауыстырудың қарапайымдылығы
- ✓ Қызмет көрсету және пайдалану қарапайымдылығы

Akса Power Generation (China) Co., Ltd

Мекенжайы: №19 Tongjiang North Road, Чанчжоу жаңа ауданы, Чанчжоу / Қытай

Тел.: +86 (0)519 8515 0205 E-mail: INTLSales@aksapowergen.com

www.aksapowergen.com

Akса Power Generation компаниясы KAZANCI HOLDING құрамына кіреді. www.aksa.com.tr